

Ескі-Шу ауылдық округі Еңбекші ауылы аумағына карантин белгілеу туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы Ескі-Шу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 10 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 2979 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабына сәйкес және Шу ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 19 ақпандағы №43 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ескі-Шу ауылдық округінің Еңбекші ауылы аумағында жылқылардың індетті лимфангит ауруының пайда болуына байланысты Ескі-Шу ауылдық округінің Еңбекші ауылы аумағына карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ескі-Шу ауылдық округінің бас маманы А.Кулмбетоваға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ескі-Шу ауылдық
округінің әкімі*

Ж. Рысмендеев

Ескі-Шу ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 10 "Ескі-Шу ауылдық округіндегі Еңбекші ауылына карантин режимін енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" шешіміне келісу парағы

"К Е Л І С І Л Д І"

"Жамбыл облысы Ішкі істер

Департаментінің Шу аудандық

Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік

мекемесі

Басшы Ш. Жапабаев

22 ақпан 2016 жыл

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Шу аудандық

аумақтық инспекциясы мемлекеттік
мекемесі

Басшы С.Таңсықов

22 ақпан 2016 жыл

Қазақстан Республикасы

тұтынушылардың құқықтарын қорғау

агенттігінің Жамбыл облысы тұтынушылардың

құқықтарын қорғау департаментінің

"Шу ауданы бойынша тұтынушылар

құқығын қорғау басқармасы"

мемлекеттік мекемесі

Басшы М.Болотин

22 ақпан 2016 жыл